№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

# Ұйымдастырылған оқу қызметтің айлық жоспары

*№6 «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы*

**Тәрбиешілер:** Келгенбаева З. Т.
Бабажанова А. Б.

**Шымкент 2019ж.**

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша меңгерушісі
_____ А.Ш. Есбол
_____ 2019ж.

## №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы
# Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған базисті оқу жоспары

2019-2020 оқу жылы

| Білім беру саласы | Ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ерте жас тобы 1-2 жас | І кіші топ 2-3 жас | ІІ кіші топ 3-4 жас | Ортаңғы топ 4-5 жас | Ересектер тобы 5-6 жас | Мектепалды даярлық сыныптар 6-7 жас |
| «Денсаулық» | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| «Коммуникация» | 1 | 1 | 2 | 2,5 | 5 | 6,5 |
| «Таным» | 1 | 2 | 2,5 | 2,5 | 2,5 | 3,5 |
| «Шығармашылық» | 2 | 3 | 3 | 3,5 | 5 | 5 |
| «Әлеуметтік орта» | - | - | 0,5 | 0,5 | 1,5 | 2 |
| Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы | 7-15 минут | | | 15-20 минут | 25-30 минут | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі | 7 | 9 | 11 | 12 | 17 | 20 |
| Вариативтік компонент | - | - | 1 | 2 | 3 | 4 |
| Барлығы | 7 | 9 | 12 | 14 | 20 | 24 |

## №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

# Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған базисті оқу жоспары

2019-2020 оқу жылы

| № | Білім беру саласы | Ұйымдастырылған оқу қызметі |
|---|---|---|
| 1 | ***«Денсаулық»*** | ***3*** |
| | Дене шынықтыру | 2,5 |
| | Қауіпсіз мінез-құлық негіздері | 0,5 |
| 2 | ***«Коммуникация»*** | ***5*** |
| | Сөйлеуді дамыту | 1 |
| | Көркем әдебиет | 0,5 |
| | Сауат ашу негіздері | 1 |
| | Мемлекеттік, орыс және басқа тілдер | 1 |
| | Шет тілдерінің бірі | 1 |
| | Драма | 0,5 |
| 3 | ***«Таным»*** | ***2,5*** |
| | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру | 1 |
| | Құрастыру | 0,5 |
| | Жаратылыстану | 1 |
| 4 | ***«Шығармашылық»*** | ***5*** |
| | Сурет салу | 1 |
| | Мүсіндеу | 1 |
| | Аппликация | 1 |
| | Музыка | 2 |
| 5 | ***«Әлеуметтік орта»*** | ***1,5*** |
| | Өзін-өзі тану | 1 |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | 0,25 |
| | Экология | 0,25 |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-бақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«__» ______ 201_ ж.

# №6 «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы 2019-2020 жылғы оқу іс-әрекетінің кестесі.

| апта күндері / білім саласы | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **1,3 апта** | | | | | |
| *«Денсаулық» - 3* | дене шынықтыру | дене шынықтыру | | | дене шынықтыру |
| *«Коммуникация» - 5* | сөйлеуді дамыту | ағылшын тілі | сауат ашу негіздері | орыс тілі | көркем әдебиет |
| *«Таным» - 2,5* | | құрастыру | жаратылыстану | қар.мат.ұғым. таныстыру | |
| *«Шығармашылық» - 5* | сурет салу | мүсіндеу | музыка | музыка | аппликация |
| *«Әлеуметтік орта» - 1,5* | | | өзін-өзі тану | | |
| **2,4 апта** | | | | | |
| *«Денсаулық» - 3* | дене шынықтыру | дене шынықтыру | | | қауіпсіз мінез құлық негіздері |
| *«Коммуникация» - 5* | сөйлеуді дамыту | ағылшын тілі | сауат ашу негіздері | орыс тілі | драма |
| *«Таным» - 2,5* | | | жаратылыстану | қар.мат.ұғым. таныстыру | |
| *«Шығармашылық» - 5* | сурет салу | мүсіндеу | музыка | музыка | аппликация |
| *«Әлеуметтік орта» - 1,5* | | қорш. орт т-у *0,25 (2-апта)* эколог. негіздер *0,25 (4-апта)* | өзін-өзі тану | | |
| **оқу іс-әрекетінің көлемі** | ***17 сағат*** | | | | |
| **оқу іс-әрекетінің ұзақтығы** | ***25-30 минут*** | | | | |
| ***вариативтік бөлім - 3*** | ***«Әнші балапан» «Айгөлек» «Үш тілдің патшалығы»*** | | | | |

Әдіскер: __________ Л. Р. Жалымбетова

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
_______ А. Ш. Ербол[illegible]
«29» _______ 20__ ж.

# Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Қыркүйек**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| | **«Денсаулық»** |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **I-II апта**<br>I. Жүру. Әртүрлі бағытта жүру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төмен. 1 - қолды алға созу, 2 - төмен түсіру. 5-6 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасын ашып, қол иықта. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - б.қ оралу. 5-6 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - отыру, 2 - тұру. 5-6 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1- оңға бұрылу, 2 - б.қ оралу, 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет. 5 - «қояндарша секіреміз» аяқты бірге, қол кеудеде бүгулі. Секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**III-IV апта** (қағаз жапырақтармен жаттығулар)<br>I. Жүру. Аяқтың ұшымен, өкшемен, қолды жоғары көтеріп жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төмен. 1- қолды алға созу, 2 - қолды айқастыру, 3 - ажырату. 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол төменде. 1 - қолды көтеру, 2 - оңға қарай тербелу, 3 - солға қарай тербелу, 4 - б.қ. оралу. 5-6 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру. 4 - б.қ оралу.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасын алшақ қою, қол төменде. 1 - тізені бүгу, 2 - қолды алға созу, 3 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**5 б.қ.** аяқты алмастырып секіру. 7- 8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Тапсырманы орындай отырып, бір-бірлеп тізбекпен жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту. Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру; тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Кіші тірек алаңқайында тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету; кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағып алу. Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйрету. Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Жоғарыға қарай лақтыруға және оны қағып алуға жаттықтыру; бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Екі аяқпен секіріп тұру<br>2. «Сылдырмақтар» ойыны<br>3. Том мен Джерри<br>4. Тепе-теңдік<br>5. Тату болып жүреміз<br>6. Бөрененің үстінде жүру<br>7. Біз нағыз батырмыз<br>8. Жас МАИ инспекторлары<br>9. Өз-өзін уқалау және бір-бірін уқалау, сылап-сипау<br>10. Секіріп жүріп допты ұстау<br>11. Өнім жинаймыз |

| | |
|---|---|
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Балаларды «валеология», «СӨС» ұғымдарымен таныстыру. Салауатты өмір салтын, өзінің және айналадағы адамдардың денсаулығын сақтау әдістерін меңгерту. Өз денсаулығына, өзге адамдарға құрметпен қарау сезімін тәрбиелеу. Балаларды «гигиена» ұғымымен таныстыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларын пысықтау және жетілдіру; салауатты өмір салтын ұстану туралы түсініктерін дамыту. Өз денсаулығына құндылық ретінде қарауға, өзге адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Валеология» еліне саяхат<br>2. Гигиена - біздің досымыз |
| **«Қатынас»** | |
| **Сөйлеуді дамыту** | «Күз» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыруға үйрету; күз белгілері жайлы әңгімелесу, сөйлеу тілі қандай болатынын түсіндіру, балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу. Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. «Г», «к» дыбыс- тарымен таныстыру; балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата алуды, жазу кезінде дұрыс отыруға, дәптер, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету; ойлау қабілеттерін дамыту; қағылездіілікке, бастаған істі аяқтай білуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету, «а» дыбысымен және әрпімен таныстыру, танып-білуге деген қызығушылықтарын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сөз. Сөйлеу түрлері<br>2. Дыбыстар<br>3. Шығармашылық әңгіме. «Менің отбасым»<br>4. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [қ] дыбысы<br>5. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [ғ] дыбысы |
| **Көркем әдебиет** | Балабақшаға, мектепке бара жатқан балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің - бұлағың» өлеңін оқып, сөз мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдардың, ақын да, ғалым да - бәрі мектептен, балабақшадан білім алатыны туралы айтып беру. Өлең арқылы ақылды, білімді болып өсуге тәрбиелеу. Әңгімені оқып беріп таныстыру арқылы балалардың зейінін аударып, қызығушылығын арттыру. Бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыспен таныстыру. Әңгіме арқылы ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Білімің - бұлағың (өлеңмен танысу). Ақылбек Шаяхметов<br>2. Кішкентай бағбан (әңгімелеу). Мәдіхат Төрежанов |
| **Сауат ашу негіздері** | Балаларға сөйлем туралы түсінік беру, өз ойын дұрыс жеткізуге жаттықтыру; үйренуге, білуге деген қызығушылықтарын ояту; дидактикалық ойындар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру; ұқыптылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Балалардың сөйлем, сөз туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтып, сөйлемді дұрыс құрауды үйрету; сөздік қорларын молайту; құстарға қамқорлық жасауға, табиғат аясында өздерін дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Балаларға дыбыс туралы, олардың кейде жуан, кейде жіңішке айтылатыны туралы түсінік беру; ойын элементтерін пайдаланып, есту қабілеттерін, жаттығулар жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; пәнге деген қызығушылықтарын арттыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру; есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; білуге деген құштарлықтарын арттыру; өзін жақсы көруге, бағалауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сөйлем<br>2. Сөйлем. Сөз<br>3. Дыбыс<br>4. Дауысты, дауыссыз дыбыстар |
| **Драма** | Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету, ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| | **Тақырыбы:**<br>1. «Театр әлемінде»<br>2. «Мақтаншақ қоян» ертегісі (киілмелі қуыршақ театры) |
| | **«Таным»** |
| **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** | Балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін тауып, зат- тарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу. Дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру; балалардың зейіні мен талқылау қабілетін дамыту. Үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Балаларды «қай жерде тұр?» деген сұраққа дұрыс жауап беруге, кеңістік қатынастарын анықтауға (жоғары - төмен, сол жақта - оң жақта, үстінде - астында, ортасында, арасында) үйрету; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін (үстінде, астында, сол жақта, оң жақта) қалыптастыру, оқулық бетіндегі белгілі бір суретті табуға үйрету. Балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету. Балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңісһгікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Балалардың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Жиын. Бір - көп. Заттарды ортақ қасиетіне қарай біріктіру.<br>2. Қай жерде тұр? Кеңістікте бағдарлау: үстінде - астында, алдында - артында, оң жағында - сол жағында.<br>3. Заттардың қасиеті (пішін, шама). Заттарды биіктігіне, ұзындығына, ені мен қалыңдығына қарай салыстыру.<br>4. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш). «Сиқырлы ел». |
| **Құрастыру** | Қағазды қос буктеу тәсілі арқылы автобус жасай білуге үйрету, қиып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Түрлі түсті қағаздан бүктеу тәсілі арқылы ұшақ жасауды үйрету, ұшақты әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын дамыту, жұмысты соңына дейін аяқтау арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Көңілді автобус<br>2. Әдемі ұшақтар |
| **Жаратылыстану** | Балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу. Заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру. Үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Заттар әлемі<br>2. Жанды және жансыз табиғат<br>3. Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік<br>4. Су - тіршілік көзі |
| | **«Шығармашылық»** |
| **Сурет салу** | Терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету, таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру кезіндегі қолдың қимыл-қозғалысын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету, таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Терек бұталары<br>2. Күзгі орман<br>3. Тостаған<br>4. Торсық<br>5. Жаңбырлы күн |
| **Мүсіндеу** | Балаларды жеуге жарамды саңырауқұлактармен таныстыру және улы саңырауқұлактарды айыра білуді үйрету. ермексазбен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру. табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.ермексазбен жұмыс |

| | |
|---|---|
| | істеуді, жұмыстың орындалу ретін белгілеуді үйрету. кесе жасау әдістерін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Күз сыйы - сәбіз және қызылша<br>2. Көкөністер, жемістердің натюрморты<br>3. Саңырауқұлакты алаң<br>4. Адам бейнесі |
| **Аппликация** | Жемістердің пішінін және оларға тән ерекшеліктерді бере білуді үйрету. Қағазбен, желіммен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру. Үйлесімді түс таңдауды үйрету арқылы эстетикалық тәрбие беру.ақ және қара түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасату. Бейнелерді қиып алып, жапсыру икемділіктерін арттыру. Ұлттық өнерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қуыршаққа қазақтың ұлттық киімдерін кигізу (2 сағат)<br>2. Дастарқанды әзірлеу<br>3. Саңырауқұлақтар |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | «Өзін-өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу. «адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру. Өзара жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Өзін-өзі тану әлеміне» саяхат<br>2. Адам болам десеңіз...<br>3. Мен қандай баламын? (2 сағат) |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің тату отбасым |
| **Экология** | Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Біздің үйіміз – Жер ғаламшары, онда бәрі жақсы ма? |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақшасы меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«19» тамыз 2019 ж.

## Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Қазан**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары | **І-ІІ апта** (Ленталармен жаттығулар)<br>I. Жүру, қолды белге қойып жүру, жүгіру, жай жүру, шеңбер жасап тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге,қол төменде 1 - қолды алға созу, 2 - жоғары көтеру, 3 - жанына қою. 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол төменде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - оңға қарай тербелу, 3 - солға қарай тербелу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқ бірге, қол жанында 1-2 алға қарай сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу. 4-5рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау. 5 - қолды белге қойып, қос аяқтап секіру. 7-8 секунд<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**ІІІ-ІV апта** (жалаушалармен жаттығулар)<br>I. Жүру, қолды белге қойып жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру, жай жүру, шеңбер жасап тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1- қолды жоғары көтеру, 2-3 қолды сермеу, 4 - б.қ оралу.<br>**2 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды алға созу, 2-3 жоғары төмен сермеу, 4 - б.қ оралу. 4-5рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды созып оңға бұрылу, 2 - б.қ оралу, 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ оралу. 4-5 қайталау, 5 - аяқ бірге, қолды кеудеде ұстап, қос аяқпен секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| Дене шынықтыру | Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету. Көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру. Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және тереңдету. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбикс-Шыбынгүл» ертегі-өлеңінен үзінді жаттату. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру; өз-өзін уқалауға жаттықтыру. Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. Үй жануарымен таныстыру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Балалардың зейінін дамыту; қимыл- қозғалыс тәжірибесін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Тышқан ұстаушы<br>2. Аюда қонақта<br>3. Жүгіріп өтуге үлгер<br>4. Мысық пен тышқан<br>5. Біз көңілді балалармыз<br>6. Қойшы мен табын<br>7. Біз - болашақ ұшқыштармыз<br>8. Гимнастикалық орындықтағы жаттығулар<br>9. Тақтай үстімен 4 тағандап жүру<br>10. Жіптен секіру<br>11. Допты жұптасып қағып алу және лақтыру |
| Қауіпсіз мінез-құлық негіздері | Балаларға «сымбат», «сколиоз» сөздері туралы түсінік беру; «дене тәрбиесі», «сергіту сәті» туралы түсініктерін бекіту. Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулықты сақтау мен күтуге деген құлшыныстарын арттыру. Өзінің және өзгенің денсаулығына құндылық тұрғысынан қарай білуге тәрбиелеу. Адам денесінің құрылымы, бүтін жүйе ретіндегі оның жұмысы туралы білімдерін қалыптастыру. Өз денесін күтуге деген құлшыныстарын дамыту. Гигиеналық тәрбие беру. |

| | |
|---|---|
| | **Тақырыбы:**<br>1. Сымбат. Дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығу.<br>2. Адам денесі. Мен кіммін? |
| **«Қатынас»** | |
| **Сөйлеуді дамыту** | Сөзді буынға бөлуді, «Өрмекші, құмырсқа және карлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету; әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту; балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыра білуге, «д», «т» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету; тілдерін дамыту; ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. Өтілген тақырып сөздер мен дыбыстарды қайталау; «т» дыбысы жайлы білетіндерін сұрау, ойлау қабілетін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «н» дыбысын дұрыс дыбыстату, «н» әрпімен таныстыру; буындарды оқу дағдысын дамыту; балаларды мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Әңгімелеп үйренеміз. Ы.Алтынсарин «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»<br>2. «Сөздер» патшалығына саяхат<br>3. Кел, жаттайық. М.Әлімбаев «Күзгі дала»<br>4. Сөз, буын |
| **Көркем әдебиет** | Өлең мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту. Жемістердің пайдасы туралы айтып, құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға қызығушылығын ояту. Өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі арқылы балаларды еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Жемістер жыры (өлеңді жаттау). Рза Құнақова<br>2. Шаруа мен Аю (орыс халық ертегісі) |
| **Сауат ашу негіздері** | Балаларға сөз туралы, сөздің дыбыстардан құралатыны туралы түсінік беру, жұмбақ шешкізіп, ертегі тыңдату арқылы дүниетанымдарын кеңейту. Жеке дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру арқылы анық сөйлеуге төселдіру, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. Бір-біріне деген жылы сезімге, достыққа тәрбиелеу. Балаларға буын туралы түсінік беру; сөздерді баяу айта отырып, буынға бөлуге үйрету. Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу. Балаларды А әрпімен таныстыру; айтылу ерекшелігіне назар аударта отырып, «ата» сөзіне дыбыстық талдау жасату; жаттығу жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; үлкендердің еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларды У әрпімен таныстыру; есту арқылы сөз арасынан қажетті дыбыстарды табуға үйрету; саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру; қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сөз<br>2. Буын<br>3. [а] дыбысы мен әрпі<br>4. [у] дыбысы мен әрпі<br>5. [а], [у] дыбыстары мен әріптерін пысықтау |
| **Драма** | Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып, табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу. Балаларды қиял арқылы ойдан әңгіме құрауға, тілдерін дамытуға, өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Түлкі мен тырна» ертегісі (көлеңке театры)<br>2. «Тегін сыйлық» (сахналау) |
| **«Таным»** | |
| **Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру** | Сопақша, төртбұрыш (шаршы және тіктөртбұрыш) туралы түсінік беру; заттардың пішінін анықтап, оларды пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету; заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай ажырата білу қабілетін қалыптастыру. 1 саны және цифрымен таныстыру; бір затты анықтай алуға үйрету; тиянақтылыққа тәрбиелеу. «заттар жұбы» туралы түсінік беру; заттарды жұптастырып, оларға сипаттама беруді үйрету; жұп заттың санын білдіретін 2 цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазуды үйрету; «сан» және «цифр» терминдерін ажырата білуге үйрету; заттарды санау, олардың атаулары мен ретін |

| | |
|---|---|
| | анықтау, сандарды жазу дағдысын бекіту; 3 саны және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 3 цифрын тану және бейнелеуге үйрету; эстетикалық тәрбие беру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Геометриялық фигуралар (тіктөртбұрыш, шаршы, сопақша). Төртбұрышпен таныстыру (оны шаршымен және тіктөртбұрышпен салыстыру).<br>2. 1 саны және цифры.<br>3. 2 саны және цифры. 2 санының жасалуы. «+» және «=» таңбалары.<br>4. 3 саны және цифры. 3 санының жасалуы. Кеңістік қатынастары: арасында, ортасында.<br>5. Ауыр - жеңіл. Заттарды өлшеу туралы түсінік. Салмағы бір- біріне қарама-карсы заттарды алақанға салып салыстыру. |
| **Құрастыру** | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрыш қағазды бұрыштарын, қабырғаларын теңестіре отырып бірнеше рет бүктеу дағдыларын қалыптастыру, өз ойларынан толықтыру арқылы қиялын дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Балаларға ертегі мазмұны бойынша қағаздан конус пішінін жасай отырып түлкінің бейнесін жасай білуге үйрету, ой-қиялын дамыту, қағазбен ұқыпты жұмыс жасауға, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Желкенді қайық<br>2. Түлкі мен Ешкі<br>3. Күшіктер |
| **Жаратылыстану** | Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру. Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды<br>2. Қыстап қалатын құстар және жыл құстары<br>3. Көшедегі қауіпсіздік<br>4. Ауаның қасиеттері<br>5. Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Қазақтың үй бұйымы - қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қоржынды безендіре білуді үйрету, эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түрлі түсті бояудың көмегімен, геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету, сурет салу дағдыларын қалыптастыру, достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету, өз ойларынан және педагогтің әңгімесіне сәйкес белгілі мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру, шығармашылықпен сурет сала білуге баулу, астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қоржынды сәндейміз<br>2. Автобус<br>3. Астық жинау<br>4. Саздан жасалған табақ |
| **Мүсіндеу** | Ертегілер тақырыбына бұйымдар жасауды, жануарларды бейнелеуді үйрету. Ертегі кейіпкерлерін мүсіндерге қызығушылықтарын арттыру. Ынталы, зейінді болуға тәрбиелеу. Бейнені бөлшектермен толықтыруды, түрлі бекіту әдістері арқылы бейнелердің қарапайым қозғалыстарын көрсете алуды, бөліктерді тығыз жалғауды үйрету. Балаларды өздеріне таныс жапсыру тәсілдерін және өлшемдердің арақатынасын бере білуге жаттықтыру. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қымыз құятын торсық<br>2. Мүсін өнері<br>3. Өрнекті кесе |

| | |
|---|---|
| | 4. Филимондық ойыншықтар<br>5. Сырға |
| **Аппликация** | Бейнелерден сюжеттік композиция жасату; оларды қиып алып, жапсыру икемділіктерін қалыптастыру. Күз мезгілі туралы білімдерін арттыру. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Шеңбер ішіне ою салуды және ою жасауда геометриялық пішіндерді қолдана білуді үйрету. Икемділіктерін қалыптастыру. Ұлттық өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Балапан (2 сағат)<br>2. Қазақтың әдемі орамалы<br>3. Мозаика |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру. Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру. «қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің есімім<br>2. Менің туған күнім<br>3. Менің сезімдерім<br>4. Мен қамқор баламын (2 сағат) |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларды ауылдағы адамдардың еңбегімен таныстыруды жалғастыру, ауыл еңбегі туралы түсініктерін бекіту, ауылдағы басты еңбек түрлерін ажырату. Ауылдағы адам еңбегін құрметтеуге баулу, барлық мамандың маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің құқықтарым мен міндеттерім |
| **Экология** | Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа (ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету. Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу. Өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру. Табиғат туралы алған білімдерін дамыту. Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Адам өміріндегі судың маңызы |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«29» тамыз 2019ж.

## Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Қараша**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **I-II апта** (Доппен жаттығулар)<br>I. Жүру, допты жоғары көтеріп жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төмен. 1- қолды алға созу, 2 - жоғары көтеру, 3 - алға созу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол төмен. 1 - қолды алға созу, 2 – отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасын алшақ қою, қол кеудеде. 1 - допты алға созу, 2- еңкейіп аяқтың ұшына тигізу, 3 – допты алға созу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** тізелеп отыру, қол кеудеде. 1 - допты оңға, 2 - допты солға созу. 5-6 рет қайталау, 3 - допты кеудеде ұстап, қос аяқпен секіру. 7-8 секунд<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**III-IV апта** (жалаушалармен жаттығулар)<br>I. Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге қол төмен. 1 - қолды алға созу, 2 - оңға қарай қолды айқастыру, 3 - солға қарай қолды айқастыру. 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - оң жаққа қарай иілу, 2 - б.қ оралу, 3 - сол жаққа қарай иілу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол иықта. 1-2 – алға қолды сермеу, 3-4 – артқа қарай сермеу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 – қолды алға созу, 2 – отыру, 3 – тұру, 4 – б.қ оралу (4-5 рет), 5 – аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Бір қалыпты (баяу) жартылай отыруды және жеңіл секірулерді үйрету. Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету; белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. Балаларды еңбектеп жүруге үйрету. Көлбеу жазықтықтың үстінде жүруге үйрету. Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту. Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру; «Сылдырмақтар» ойынының шартын түсіндіру. Еңбектеуге және еденде қырымен тұрған баспалдақ таяқшаларының арасынан еңбектеп өтуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Түрлі түсті автокөліктер<br>2. Еңкіш тақтай үстімен жүруҚу түлкі<br>3. Командалық ойындар<br>4. Ойын бастаушылар<br>5. Тоқтай тұр, бәлем!<br>6. Еңкіш тақтай үстімен кезектескен қадыммен сырғу<br>7. Бір орында тұрып кедергілерден секіру<br>8. Доп мектебі<br>9. Белбеу<br>10. Тату көршілер |
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Тыныс алу мүшелерінің қызметі, тыныс алу үрдісі, ауа мен оның қасиеттері туралы жалпы түсінік беру. Салауатты өмір салтын сақтауға ұмтылдыру, қызығушылықтарын арттыру. Тыныс алу мүшелеріне, бүкіл ағзасына күтім жасауға тәрбиелеу. Зәр шығару жүйесінің жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, өз ойын жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Денсаулықтарына күтім жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Тыныс алу мүшелері<br>2. Зәр шығару мүшелері. Бүйректер |

| «Қатынас» | |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру; әртүрлі ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалысын дамыту; балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ертегінің мазмұнын айтуға, дыбыстық талдау жасауға үйрету; ауызекі сөйлеулерін дамыту; сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту; балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. «Ғ» дыбысымен және оның әріп таңбасымен таныстыру; дидактикалық құралдарды пайдаланып балалардың ойлау қабілетін, қиялын дамыту; тапқырлыққа, ойының ұшқыр болуына тәрбиелеу. «Р» дыбысы мен әрпін қайталату, суретке қарап сөйлем құрауды әрі қарай дамыту; инабаттылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Әңгімелеп үйренеміз. М.Төрежанов «Кішкене бағбан»<br>2. Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі<br>3. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [з] дыбысы<br>4. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [с] дыбысы |
| Көркем әдебиет | Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыіу. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. «Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату. Астықты орып, жинау науқаны іуралы балаларға айтып жеткізу. Еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Арыстан мен Тышқан (ертегі)<br>2. Алтын астық (өлеңді жаттау). Қосжан Мүсірепов<br>3. Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) |
| Сауат ашу негіздері | [а], [у] дыбыстары мен А, У әріптерін қайталату; А, У әріптерінен сөз құрап, құраған сөздерін оқи білуге үйрету; жаттығу жасату арқылы дұрыс тыныс алуға жаттықтыру; аралар туралы мәліметтер бере отырып, дүниетанымдарын кеңейту; табиғатты сүйе білуге, жәндіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Л әрпімен таныстыру; сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуге үйрету; айтылу ерекшелігіне байланысты дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге дағдыландыру; әртүрлі тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру; қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. О әрпімен таныстыру; айтылу ерекшелігіне қарай [о] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату; түрлі тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру; өтілген әріптерді қосып оқуға үйрету; ой-өрістерін дамыта отырып байқағыштыққа тәрбиелеу. Өткен [о], [л] дыбыстары мен әріптерін қайталату; сөздік қорларын молайту, тіл байлықтарын дамыту; қосып оқуға деген қызығушылықтарын арттыру; жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. [л] дыбысы мен әрпі<br>2. [о] дыбысы мен әрпі<br>3. [л], [о] дыбыстары мен әріптерін қайталау<br>4. [н] дыбысы мен әрпі |
| Драма | Балаларды ертегіні түсініп, сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу. Ертегіні сахналау.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Үйшік» (театрландырылған ойын)<br>2. «Ақылды лақ» (қуыршақ театры) |
| «Таным» | |
| Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру | Заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру; заттарды «ауыр - жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету; заттарды қолмен салыстырып, олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету. 4 саны және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 4 цифрын тануды және дұрыс суреттеуді үйрету. Балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру; уақытты сипаттайтын сөздерді (кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні, таңертең, күндіз, кеш, түн) қайталау; апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. 4 саны көлемінде санау қабілетін ұштау; 1, 2, 3, 4 заттың жиынтығын анықтау және оларды цифрмен өрнектеу. 5 саны |

| | |
|---|---|
| | және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкес теңдіруді үйрету; заттарды санау және реттік санау қабілетін ұштау; 5 цифрын тану және дұрыс бейнелеуге үйрету.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 4 саны және цифры. 4 санының жасалуы.<br>2. Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн; бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні.<br>3. 5 саны және цифры. 5 санының жасалуы. Тура және кері санау.<br>4. 1 - 5 сандары. Тура және кері санау. |
| **Құрастыру** | Қағазбен жұмыс жасауда жолақ қағаздардан үлкен, кіші цилиндр пішінін жасауға үйрету және олардан күшіктің бейнесін жасай алуға баулу, қайшымен, желіммен ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру, ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыра білуге үйрету, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Қағазды бірнеше қабаттап бүктеу арқылы ақ аюды жасай білуге үйрету, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, оның қайда мекендейтініне сәйкес шығармашылықпен безендіру арқылы көркемдік тәрбие беру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Ақ аю<br>2. Менің үйім |
| **Жаратылыстану** | Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Заттарды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелеу. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Диқаншы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақстанда өсетін өсімдіктер<br>2. Нан дастарқанға қалай келеді?<br>3. Жас экологтар<br>4. Менің Отаным - Қазақстан |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Балаларға қазақ халқының ыдыстары туралы білім беру, ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, ұлттық көркемдік стилдің әліппесімен таныстыру, көркемдік талғамын дамыту, ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу. Құмған туралы білімдерін жетілдіру, сурет салу дағдыларын дамыту, қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылығын ояту, өз халқының қолөнеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін жетілдіру, құстардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білу біліктілігін машықтандыру, құстарға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікке баулу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Құмған<br>2. Гүлдене бер, Қазақстан!<br>3. Ертегідегі құстар<br>4. Менің сүйікті ертегім |
| **Мүсіндеу** | Нысанға тән ерекшеліктерді бейнелей білуді; қарапайым пропорцияны сақтап, бейнені бөліктермен толықтыруды; түрлі бекіту әдістері арқылы бейнелердің бөлшектерін біріктіруді, бөліктерді өзара тығыз жалғастырып, оюмен әшекейлей білуді үйрету. Ермексазбен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Жануарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Үйде, серуен кезінде байқайтын көріністерін мүсіндей білуді, жануарларды бейнелеуді, бейненің бетін өңдеу құралы - стеканы пайдаланып, тұтас кесектен бейне жасауды, қарапайым пропорцияны сақтай отырып, қимыл үстіндегі адам мен жануардың бейнесін жасауды үйрету; дененің, бастың пішінін беру, бөліктерді жапсыру, сазды немесе ермексазды бөлу, жапсыру әдістерін таңдауда дербестік көрсетіп, өз жұмысын алдында тұрған үлгімен салыстыра білуге дағдыландыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Күміс түсті өрмекші торында оттай жанған жапырақ<br>2. Үлкен кесе<br>3. Геометриялық кескіндер<br>4. Дастарқанды әшекейлеу |
| **Аппликация** | Қағаз бетіне халық өнерінің сарынымен ою сала білуді және симметрия, қайталау, кезектестіру, ою пішіндерін орналастыру арқылы заттың пішінін |

| | |
|---|---|
| | келтіру секілді өрнектер салудың негізгі талаптарын ескере отырып, сәндік құрастыруды орындату, композиция жасау заңдылықтарын түсіндіру. Үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Бейнелерді қиып алып, жапсыру икемділігін арттыру. Жол қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Мозаика<br>2. Домбыра<br>3. Үлпілдек жүнді балапан (2 сағат)<br>4. Күміс түсті өрмекші торында оттай жанған жапырақ |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| Өзін-өзі тану | Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру. Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту. Қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру. Адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу. Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Мен осындай баламын<br>2. Менің туыстарым<br>3. Отбасылық мерекелер (2 сағат) |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру; жол белгілері туралы түсінік беру; өмір қауіпсіздігі ережелерін қайталап, естеріне түсіру. Жол белгілерін топтастыра білу; сақтандыру, көрсеткіш, тыйым салу белгілерін ажырата білуді үйрету.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Нені істеуге болады, нені істеуге болмайды? |
| Экология | Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістермен, тіршілігімен таныстыру; жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Үлкен қала – үлкен мәселелер |
| Ата-анамен жұмыс | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

15

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
_______ А. Ш. Есбол
«19» тамыз 2019ж.

## Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Желтоқсан**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **І-ІІ апта** (Кубиктермен жаттығулар)<br>І. Жүру, адымдап жүру, жәй жүру, тізелеп жүру, жүгіру, тізбектеліп 2 қатарға тұру.<br>ІІ. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол кеудеде. 1 - қолды алға созу, 2 - оңға бұрылу. 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол төменде. 1 - қолды алға созу, 2 - кубикті жерге тигізу, 3 - қолды алға созу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол кеудеде. 1 - қолды созу, 2 - оңға бұрылу, 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** отыру, қолды тізеге қою 1-2 – оңға қарай жүру, 3-4 – солға қарай жүру. 5-6 рет қайталау.<br>ІІІ. Еркін тыныс алу.<br><br>**ІІІ-IV апта**<br>І. Жүру, аяқты жоғары көтеріп жүру, жүгіру, аяқтың ұшымен жүгіру, жүру, тізбектеліп екі қатарға тұру.<br>ІІ. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төмен. 1 - қолды жанына созу, 2 - жоғары көтеру, 3 - қолды шапалақтау. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - аяқтың ұшына, тізені бүкпей қолды тигізу, 3 - қолды алға созу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол иықта. 1 - қолды жоғары көтеру, 2-3 – қолды оңға-солға тербету. 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол кеудеде. 1 - қолды кеудеде ұстап, оң жаққа бұрылып, қолды сермеу, 2 - сол жаққа бұрылып қолды сермеу, 3-4 қайта оралу. 4-5 рет қайталау. 5 - Аяқты алмастырып, қолды шапалақтап секіру. 7-8 секунд.<br>ІІІ. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету; бір орында тұрып ұзындыққа секіруді жетілдіру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам жауап беруге үйрету. Көлденең тұрған нысанаға затты лақтырып жаттықтыру. Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға жаттықтыру. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, нысанаға тигізуге үйрету. Бір-бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту; бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру. Бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту. Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың біріне-бірі көңіл аударуына, ынтымақтаста ойнауына көңіл бөлу. Жатып орындалатын жаттығулармен таныстыру. 3 метрден 10 метрге дейін қайталамалы (челночный) жүгіруге жаттықтыру; іші толтырылған допты аттап жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулардың жаңа түрлерін меңгерту. Демді 5 сек. ұстап тұруға үйрету; бір қатар тізбекпен жүріп отырып, білте таяқшалары (через рейки) арқылы аттап өтуге үйрету; допты қабырғаға лақтырып, кері ыршыған допты ұстап алуға үйрету.<br>**Тақырыбы:**<br>1. Кегли<br>2. Аққу-қаздар<br>3. Қарлы шеңбер<br>4. Орамал тастамақ<br>5. Арыстан (Винни Пух мультфильмінен)<br>6. Еденде қалма<br>7. Секіріп жүріп допты ұстау<br>8. Хайуанаттар бағында<br>9. Кім жалаушаға тезірек жүгіреді?<br>10. Кім тезірек? |

17

| | |
|---|---|
| Қауіпсіз мінез-құлық негіздері | Тілдің қызметі, оның тамақ ішудегі рөлі туралы түсінік беру. Өз ойларын жеткізе білуге жаттықтыру, тәжірибе жасау арқылы білім, білік дағдыларын жетілдіру. Өз денелеріне күтім жасауға тәрбиелеу. Ас қорыту жүйесінің құрылымымен және қызметімен таныстыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын молайту. Өз ағзаларына күтім жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Тіл<br>2. Ас қорыту мүшелері |
| **«Қатынас»** | |
| Сөйлеуді дамыту | Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп айтуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету; дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту; балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу. «Ақсақ құлан» аңызының мазмұнын түсіндіру; «л», «р» дыбыстарымен таныстыру; балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту; хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. «О» дыбысы мен әрпін таныстыру, буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөліп үйрету; дауысты дыбыс терминдерін түсіндіру; жұмысты таза және ұқыпты аяқтауға тәрбиелеу. «Қ» дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету, буындарды, қысқа сөздерді оқу тілдерін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Әңгімелеп үйренеміз. М.Гай «Қар қандай?»<br>2. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [ж] дыбысы<br>3. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [ш] дыбысы<br>4. Кел, жаттайық. Ә.Асылбеков «Жаңа жыл» |
| Көркем әдебиет | Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, сахналау. Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке тәрбиелеу.«Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Тәуелсіз Қазақстан (өлеңмен таныстыру). Оразақын Асқар<br>2. Жаңа жыл келді (өлеңді жаттау). Сағи Жиенбаев |
| Сауат ашу негіздері | Балаларды Н әрпімен таныстыру; [н] дыбысының сөздегі орны туралы түсінік беру; өткен әріптерді қосып оқуға үйрету; бір-бірімен жылы қарым-қатынас жасауға, үлкендерге көмектесуге бейім болуға тәрбиелеу. Ә әрпімен таныстыру, [ә] дыбысының жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтату; мультфильмнен үзінді көрсету; үлкендерге деген сүйіспеншілік, құрметтеу сезімдерін ояту. Дыбыс пен дыбыс түрлерін, сөзді буынға бөлуді, аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастыруды қайталату; ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту; табиғатты сүюге, аңдар мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Т әрпімен таныстыру; дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру; қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. [ә] дыбысы мен әрпі<br>2. Сөз, буын. Қайталау<br>3. [т] дыбысы мен әрпі<br>4. Сөйлем туралы түсінік |
| Драма | Ертегіні тыңдап, өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу. Көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Қойшы, түлкі және аю» (қуыршақ театры)<br>2. «Күнді іздеген достар» (сахналау) |
| **«Таным»** | |
| Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру | 5-ке дейін санау қабілетін күшейіу; реттік санау дағдысын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың атаулары туралы білімін пысықтау; талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру. 0 цифрын бос жиынның санды таңбасы ретінде таныстыру; 0 цифрын жазуды үйрету; сан туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру: бір және бірде бір зат. Балаларды «=» таңбасымен, оның мәнімен |

18

| | |
|---|---|
| | таныстыру; жиын элементтерін анықтау және сол жиыннан топ құрау (ішкі жиын); тең дәрежелі жиындарды табу. Қосу амалының мәнін түсіндіру; «+» таңбасын қолданысқа енгізу; қосу амалдарын құрастырып, жазуды үйрету; алғашқы бестіктегі сандардың нумерациясын пысықтау.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 0 саны және цифры.<br>2. 0-5 сандары. Жиын. Элемент. Топ. Тең жиындар. «=» таңбасы.<br>3. Қосу. 0-5 сандары. «+» таңбасы.<br>4. Азайту. Азайту амалын көрнекілік негізінде түсіндіру. Жиын. Элемент. Топ. Белгілі бір белгісі бойынша жиынның бөлігін бөліп алу.«-» таңбасы. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, өз үй-іші, отбасына деген сүйспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. Құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастыруды үйрету, балабақшаның басқа ғимараттардан ерекшелігін сезіну, өз ойларынан балабақшаны құрастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз балабақшаларын сүйе білуге, жақсы көруге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Сиқырлы» қораптар<br>2. Астана – Бәйтерек |
| **Жаратылыстану** | Отан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Балаларды өздерінің құқықтары және міндеттерімен таныстыру, біздің еліміз демократиялық, құқықтық мемлекет болғандықтан, балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру. Әрбір еркін елде өмір сүретін баланың өз құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу, балалар мерекесі туралы түсініктерін жетілдіру<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақстанды мекендейтін жануарлар<br>2. Менің құқықтарым мен міндеттерім<br>3. Адам - табиғаттың бір бөлігі<br>4. Көпұлтты Қазақстан |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу; түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту; бейнелік елес, қиялды дамыту, бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету, ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету, эстетикалық талғамдарын дамыту, жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қыстағы жапырақсыз ағаш<br>2. Қар кесегі<br>3. Қолғап<br>4. Жаңа жылдық мереке |
| **Мүсіндеу** | Балаларды сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру, түрлі әдістерді қолданып ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шүберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді, бұйымды орнықты етіп бекітуді үйрету. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысында жұмыстың ретін түсіндіру, пішіндерге талдау жасату, жапсыру түрлері туралы түсінік беру; ермексазбен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру. Талғампаздыққа тәрбиелеу. Балаларға сәндік тілімшелер жасауды, жұмысқа түрлі пішінді стекалар пайдалануды үйрету. Ермексазбен жұмыс істеу икемділіктерін қалыптастыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Кішкентай қыз қардан дөңгеленген дөңгелекті домалату (2 сағат)<br>2. Билеп тұрған адам бейнесі (2 сағат) |
| **Аппликация** | Топтың бөлмесін безендіру үшін шырша әшекейлері мен ойыншықтарын жасауды үйрету. Жапсыру жұмыстарына деген қызығушылықтарын арттыру. Ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге, құрдастарының еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Халық өнерінің сарынымен қағаз бетіне геометриялық пішіндерден (шеңбер, шаршы, сопақ) өрнек құрастыра білуді үйрету. Симметрия, қайталау, |

19

| | |
|---|---|
| | ырғақ, кезектестіру әдістері арқылы өрнек салудың негізгі ережелерін ескере отырып, сәндік құрастыру, композиция заңдары туралы түсініктерін арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақстандағы құстар (2 сағат)<br>2. Шыршаны әсемдейміз<br>3. Сыйлық-қорапша |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерің кеңейту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру. «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру. «Адалдық» , «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Отбасындағы қуаныш<br>2. Достық неден басталады?<br>3. Адал дос<br>4. Достық бірлікте |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларды компьютердің бөліктерімен таныстыру. Қазіргі заман технологиясының жетістіктері мен адам еңбегін жеңілдетуге арналған құралдар (гаджеттер) туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Бірлігі жарасқан Қазақстан |
| **Экология** | Балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін қалыптастыру; жануарлардың жойылып кету себептерін түсіндіру; оларды қорғау жолдарымен таныстыру. Туған жерінің табиғатына деген жауапкершілік сезімдерін арттыру; жануарларға қайырымды болуға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Қызыл кітап» не үшін керек? |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«29» тамыз 2019ж.

## Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Қаңтар**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **І-ІІ апта**<br>I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, әр-түрлі бағытта жүгіру, жәй жүру, тізбектеп 2 қатарға тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды жанына қою, оң қолды көтеру, 2 - б.қ. оралу, 3 - қолды көтеру, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтардың арасы ашық, қол кеудеде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - оңға тербелу, 3 - солға тербелу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1 - отыру, 2-3 – оңға-солға қол шапалақтау, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқты созып отыру. 1 - тізені бүгу, 2 - құшақтау, 3 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**5 б.қ.** Қос аяқпен секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**ІІІ-ІV апта**<br>I. Жүру, тізені көтеріп жүру, отырып жүру, жүгіру, кері қарай жүгіру, жүру, тізбектеліп 2 қатарға тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - иыққа түсіру, 3 - қолды белге қою, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол иықта. 1 - қолды жанына қою, 2 - жоғары көтеру, 3 - қол шапалақтау, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқ бірге, қол белде. 1 - басты алға, 2 - артқа, 3 - оңға, 4 – солға бұру. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** Қос аяқтап айналып секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету. Мәнерлігін дамыту. Икемділіктерін дамыту. Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты лақтырып, ұстап алуға үйрету.Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру. Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету. Орында тұрып, өкшемен бұрылуды үйрету. Шаңғыны таяғымен біріктіріп, қолтықтарына қысып, оқу іс-әрекеті өтетін жерге тасуды үйрету. Беткейге сатылап көтерілу және беткейден түсу жолымен таныстыру. Таяқпен адымдап сырғанауды қайталау; бір қатар сапқа тұруға жаттықтыру. Ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру. Секіруге жаттықтыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Кімнің тобы тез жинақталады?<br>2. Винни Пух<br>3. Қарды ұзаққа лақтыру<br>4. Табан балық және шортан<br>5. Құрлар<br>6. Кетті-кетті<br>7. Көңілді Карлсон<br>8. Аяқты бүгіп секіру<br>9. Құрсаудан секіру |
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Судың адам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру. Сараптау, талдау, ойлау қабілеттерін арттыру. Өз денсаулығына, тіршілік нәрі болып саналатын суға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.балалардың дәрілік және улы өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу және сөйлесу тілін дамыту. Өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Су-тіршілік нәрі<br>2. Табиғи дәріхана. Дәрілік шөптер. Улы өсімдіктер.<br>3. Мен табиғат аясындамын |

21

| «Қатынас» | |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету; құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту; құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету; дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту; табиғатты сүйіп, қорғай білуге тәрбиелеу. «М» дыбысы және әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, буындарды және қысқа сөздерді оқуды үйрету, балалардың ойларын дамыту, әдептілікке тәрбиелеу. «Б» дыбысы және әрпімен таныстыру, «б» дыбысынан басталатын сөздер айтқызып, буынға бөлуді үйрету; сөздік қорларын толықтыру; балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сөз, сөйлем<br>2. Менің сүйікті ертегім. «Үйшік» орыс халық ертегісі<br>3. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [ң] дыбысы<br>4. Менің сүйікті ертегім. «Төрт дос» ертегісі |
| Көркем әдебиет | «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін оқып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқи отырып, мазмұнын әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Балалардың мерекелік көңіл күйлерін көтере отырып жаттату.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қыс (өлеңді жаттау). Абдрахман Асылбеков<br>2. Әкесі мен балалары (әңгімелеу) Лев Толстой |
| Сауат ашу негіздері | Сөйлем туралы түсінік беру; сөйлемдер құрату арқылы тіл байлықтарын дамыту; қағазбен жұмыс жасатып саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; қоршаған ортаның суреттерін көрсете отырып, дүниетанымдарын кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. [е] дыбысымен және әрпімен таныбтыру; жұмбақ шешкізіп, сөйлемдер құрату арқылы тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін жетілдіру; бір-бірін сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу. [т], [е] дыбыстары мен олардың әріп таңбаларын қайталату, сөздерді буынға дұрыс бөлуге жаттықтыру; сурет бойынша сөйлемдер құратып, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін жетілдіру; табиғатты аялап, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ө әрпімен таныстыру; [ө] дыбысын айтқызу арқылы жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін дәлелдету; қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. [е] дыбысы мен әрпі<br>2. [т], [е] дыбыстары мен әріптерін қайталау<br>3. [ө] дыбысы мен әрпі<br>4. [р] дыбысы мен әрпі |
| Драма | Ертегіні тыңдап, өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу. Көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Шұбар тауық» (театрландырылған ойын)<br>2. Қарлығаш пен дәуіт (сахналау)<br>3. «Ұр, тоқпақ!» ертегісі (сахналау) |
| «Таным» | |
| Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру | Азайту амалының мәнін ашу; «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу; азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету; алғашқы бестіктегі сандардың нумерациясын пысықтау. 1-ді қосу арқылы сан шығарып алу туралы түсінікті қалыптастыру - сандық және реттік санау дағдысын жетілдіру; 6 саны мен цифрын тану және жазуды үйрету. Заттардың биіктігі мен қалыңдығы туралы түсінік қалыптастыру және оларды салыстыруды үйрету; «биік - аласа, жуан - жіңішке, тар - кең» деген сөздерді пайдалана отырып салыстыру; заттарды көзбен салыстыру, бір-бірінің үстіне қою, бастыру арқылы салыстыруды үйрету; ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру; заттардың ұзындығын бір-біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді үйрету. Балалардың кеңістіктік қиялы мен сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 6 саны және цифры. 6 санының жасалуы.<br>2. Биік - аласа, қалың - жұқа, кең - тар. 0-ден 6-ға дейінгі сандар. Заттарды |

22

| | |
|---|---|
| | биіктігіне, ұзындығына, ені мен қалыңдығына қарай салыстыруға жаттығу.<br>3. Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдалана отырып, заттарды ұзындығына қарай салыстыру. Шамаларды салыстыруға жаттығу.<br>4. 7 саны және цифры. 7 санының жасалуы. 1-ді қосу. Тура және кері санау. |
| **Құрастыру** | Балаларға ойыншық киіз үйді құрастыра отырып оның бөліктерімен таныстыру, оның ерекшелігіне мән беру және оны құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, ойлануға, сөйлеуге үйрету, өзара келісімге келуге, қарым-қатынас мәдениетіне, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтей білуге тәрбиелеу. Ұлттық ойыншықтар кешені бойынша домбыраны құрастыру арқылы ұлттық аспап туралы түсініктерін дамыту, ойыншық домбыраны құрастыру іскерлік дағдыларын қалыптастыру, ұлттық аспаптарға деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Киіз үй |
| **Жаратылыстану** | Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту. Өнеркәсіптегі адам еңбегімен таныстыру, өнеркәсіптегі еңбек адамдарының мамандықтары жайлы түсінік беру. Өндіріс, өнім туралы жалпы білімдерін дамыту. Еңбексүйгіштікке баулу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі<br>2. Бөлме өсімдіктері және оларды күту<br>3. Өнеркәсіптегі адам еңбегі<br>4. Табиғатқа қауіп-қатер төнуде |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету, жапырақсыз ағашты салу техникасымен таныстыру, эстетикалық талғамдарын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғат құбылыстарын сезіне білуге, қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Мерекелік отшашу<br>2. Мерекелік дастарқан<br>3. Атама арналған тымақ<br>4. Ақшақардың сүйікті достары - ит пен мысық |
| **Мүсіндеу** | Жануарларды бейнелей білуді, заттың пішінін талдауды, пішін мен жапсыру әдісі арасындағы байланысты анықтай білуді, қарапайым пропорцияны сақтай отырып, қимыл үстіндегі адам мен жануардың бейнесін жасауды үйрету. Адамның бейнесін тік қалыпқа келтіру, бөліктердің салыстырмалы шамасын сақтау, жасалған бейнелерді бір-біріне бекіту орындарын стеканың көмегімен тегістей отырып, нығыздап бекіту икемділіктерін қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қарапайым пропорцияны сақтай отырып, қимыл үстіндегі адам мен жануардың бейнесін жасауды үйрету. Сазды немесе ермексазды бөлу, жапсыру әдістерін таңдап, қолдану икемділіктерін қалыптастыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақ ертегілері кейіпкерінің бірі- Алдар көсе. (2 сағат)<br>2. Балалар қысқы серуен кезінде |
| **Аппликация** | Тақырып бойынша сюжеттік жапсыру жасауды үйрету. Сюжеттік композициялар жасау, бейнелерді қиып алып, жапсыру икемділіктерін қалыптастыру. Тапқырлыққа, ойлылыққа тәрбиелеу. Балаларға үлгімен жұмыс істеуді, оны айналдыра сызып, кескін бойымен қиып алуды, композицияның бөліктерін дұрыс орналастыруды үйрету. Көз мөлшермен шамалау икемділіктерін дамыту. Тапқырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қысқы орман<br>2. Түскиіз<br>3. Кактус<br>4. Байқоңыр (2 сағат) |

| «Әлеуметтік орта» | |
|---|---|
| Өзін-өзі тану | Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу. «Қамқорлық» ұғымының маңызын түсіндіру. «Достық», «бірлік» құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Достық бірлікте<br>2. Менің үйдегі достарым<br>3. Достық әлемі<br>4. Сәлемдесе білемін |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру. Арнайы көліктердің қызметі туралы айта алу, көліктерді топтай білу, олардың адам өміріндегі маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Айналадағы адамдарға көмектесу |
| Экология | Қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін балық түрлерімен таныстыру; балықтың құрылысы, оның тіршілігі туралы білім беру. Балаларды туған жерінің құндылығымен таныстыруды жалғастыру; балықтар туралы білімдерін әрі қарай дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Мен табиғатқа қалай көмектесе аламын? |
| Ата-анамен жұмыс | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«19» мамыр 2019 ж.

# Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Ақпан**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **I-II апта** (Гимнастикалық таяқшамен жаттығулар)<br>I. Жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіру, қолды белге қойып, кері қарай жүгіру, жәй жүру, 2 тізбектеліп қатарға тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқтың арасы ашық, таяқша ұстаған қол төменде 1 - қолды алға созып, тізені бүгу, 2 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1-қоады жоғары көтеру, 2-оңға қарай тербелу, 3 - аяқтың арасы ашық, қол төменде. 4 - б.қ оралу.<br>**3 б.қ.** 1-еңкею, 2 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.аяқтың арасы ашық, қол кеудеде. 1 - қолды созу, 2 - оңға бұрылу, 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** отыру, қолды тізеге қою 1-2 – оңға қарай жүру, 3-4 – солға қарай жүру. 5-6 рет қайталау.<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**III-IV апта**<br>I. Жүру, аяқты жоғары көтеріп жүру, жүгіру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүгіру, қолды белге қойып жанымен жәй жүгіру, тізбектеліп екі қатарға тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқты созып отыру. 1 - оңға қарай бұрылып, қолды артқа сермеу, 2 - б.қ оралу, 3 - қарай бұрылып, қолды алға сермеу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол кеудеде. 1 - қолды алға созу, 2 - аяқтың ұшына, тізені бүкпей қолды тигізу, 3 - қолды алға созу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол арқада. 1 - алға қарай тізені бүкпей еңкею, 2 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол иықта. 1-2 - алға қарай сермеу, 3-4 - артқа қарай сермеу. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Оңға және солға адыммен адымдап жүрумен таныстыру; сырғанап адымдауды қайталау. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық,ептілікті дамыту. Бір орында тұрып, аяқты ауыстырып басып бұрылуды қайталау. Таза ауада ойнатылатын қысқы ойындармен таныстыру. Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру; жүру түрлерін жаттықтыру. Алға домалауды үйрету. Допты лақтыруды және қағып алуды бірнеше рет қайталау; орында тұрып биіктікке секіруге жаттықтыру. Жүгіріп өту мен ұзын секіртпемен секіруді жаттықтыру. Таңертеңгі гимнастика кешенін орындау білігін тексеру. Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталау. Қысқа секіртпе арқылы секірулерді қайталау; алға домалауды қайталау. Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Баланың спортқа қызығушылығын ояту. Сенімді қатынастарды нығайтуға ұмтылу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Фигура жасап шық<br>2. Шаңғымен нық адымдап жүру<br>3. Қаңбақ шал<br>4. Өрт сөндірушілер<br>5. Тікеден дәлдеп лақтыру<br>6. Жүгіріп өту<br>7. Қармақ<br>8. Секіріп жүру доп ұстау<br>9. Қос аяқтап ұзындыққа секіру<br>10. Тез орындарыңа |
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Табиғат пен адамның бір-бірімен тығыз байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Танымдық қызығушылықтарын, дұрыс сөйлеу қабілеттерін арттыру. Айналадағы қоршаған орта мен өз денсаулығына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалардың жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы, әртүрлі ауа райы жағдайындағы қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін |

| | |
|---|---|
| | қалыптастыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Ауа райы. Табиғаттағы қауіпсіздік ережелер.<br>2. Қоғамдық орындарда өзін ұстау.Киімді күту. |
| **«Қатынас»** | |
| **Сөйлеуді дамыту** | Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету; ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту; ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу. «С» дыбысы және әрпімен таныстыру; балаларға дыбыстық талдау жасауды, буынға бөлуді үйрету; ұқыптылыққа тәрбиелеу. «ң» дыбысы және әрпімен таныстыру, «Ң» дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету; балалардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу; табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Кел, жаттайық. Ә.Асылбеков «Әдептілік әліппесі»<br>2. Сипаттау әңгімесі. «Менің сүйікті ойыншығым»<br>3. Сурет бойынша ертегі. «Қонжық қалай оянды?»<br>4. Сипаттау әңгімесі. «Менің анам» |
| **Көркем әдебиет** | Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу. Ертегіні таныстыруда балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялымен ұштастыруға, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Маша мен Аю (орыс халық ертегісі)<br>2. Бір уыс мақта (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин |
| **Сауат ашу негіздері** | айтылу ерекшелігіне байланысты [р] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату, Р әрпімен таныстыру; қызықты тапсырмалар мен ойындар арқылы сабаққа қызығушылықтарын арттыру; қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.дыбыс түрлері, сөз, буын, сөйлем туралы білетіндерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту; қорытынды жасай білуге дағдыландыру; қайрымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. [ж] дыбысымен және әрпімен таныстыру; ашық буындар мен қысқа сөздерді қосып оқуға дағдыландыру; өздеріне жақын адамдарды қуанта білуге, сыйлай білуге тәрбиелеу. С әрпімен таныстыру, [с] дыбысының айтылу ерекшелігін өздеріне анықтату; қосып оқуға үйрету; өткен дыбыстарды қайталата отырып, ойлау қабілеттерін жетілдіру; қауіпсіздік ережесін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; қоршаған ортаны сүйе білуге, әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сөйлем. Қайталау<br>2. [ж] дыбысы мен әрпі<br>3. [с] дыбысы мен әрпі<br>4. [у] дыбысының ерекшелігі |
| **Драма** | Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Досыңа серік бол» («Құмырсқа» қазақ халық ертегісі бойынша сахналау)<br>2. «Арыстан мен тышқан» (көлеңке театры) |
| **«Таным»** | |
| **Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру** | 7 саны және цифрын енгізу; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; санды және реттік санау дағдысын жетілдіру; 9 цифрын табу және бейнелеуді үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік |

| | |
|---|---|
| | калыптастыруды жалгастыру. 7-ге дейінгі сандық және реттік санау дагдысын жетілдіру; балалардың зейіні мен логикалык ойлау қабілетін дамыту. 8 саны мен цифрын енгізу; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; сандық және реттік санау; 8 цифрын тану және дұрыс бейнелеу. 9 саны мен цифрын енгізу; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; сандық және реттік санау дагдысын жетілдіру; 9 цифрын табу және бейнелеуді үйрету.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 1- 7 сандары. Апта күндері. Уақытқа қатысты ұғымдар: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні.<br>2. 8 саны және цифры. 8 санының жасалуы. Қагаз бетінде бағдарлау: жогаргы жағы, төменгі жағы, ортасы, оң жагы, сол жағы. Есту, көру диктанттары.<br>3. 9 саны және цифры. 9 санының жасалуы. Жай есептер мен мысалдарды шығару.<br>4. 10 саны және цифры. 10 санының жасалуы. Жай есептер мен мысалдарды шығару. |
| **Құрастыру** | Қагазды укалап, умаждап бүктеу арқылы «моншақтар» жасау дағдыларын калыптастыру, жаңа техникамен таныстыру, еңбек нәтижесіне жете білуге үйрету, сұлулықты, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Астананың көрікті орындары жайлы түсініктерін кеңейту және «Бәйтеректі» құрастыра білу дагдыларын қалыптастыру, материалдардың бөліктерін түсіне, көлеміне, пішінін сәйкестендіре және суреттерді дұрыс орналастыра білуге үйрету, ел ордасы Астанага сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Домбыра<br>2. Сыйлықтық тізбелер: моншақ пен білезік |
| **Жаратылыстану** | Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыру. Байланыс құралдары мен ақпарат құралдарының айырмашылығы мен ұқсастығын таба білу, байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдармен телефон арқылы қарым-қатынас жасау барысында әдептілікті сақтауға, мәдениетті болуға, дұрыс жауап беруге баулу. Балаларды мамандықтармен таныстыруды жалғастыру. Ержүрек мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың арнайы көліктері, құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі туралы білімдерін дамыту. Мамандықтың бәрі жақсы деген түсініктерін кеңейту. Еңбексүйгіштікке баулу. Мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Байланыс құралдары<br>2. Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту<br>3. Ержүрек мамандық иелері<br>4. От бізге дос па, қас па? |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу. Ақшақардың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету, балаларды қайырымды, мейірімді болуға, бір-бірімен дос болуға тәрбиелеу. Балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қыстағы шуақты күн<br>2. Қуыршақтың қамзолы<br>3. Қызғаншақ екі қонжық (2 сағат) |
| **Мүсіндеу** | Балаларға пішіннің өзіне тән ерекшеліктерін бейнелей білуді үйрету. Қарапайым пропорцияны бере білу, түрлі бекіту әдістерін пайдалану, бөліктерді нығыздап бекіту, оларды оюмен әшекейлеу икемділіктерін қалыптастыру. Сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.жануарларды бейнелей білуді үйрету; бөліктерді бекітудің жаңа әдісін меңгерту. Үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Балалар қысқы серуен кезінде<br>2. Жұмбақ сыры<br>3. Балауызшам қойғыш |

| | |
|---|---|
| | 4. Үй |
| **Аппликация** | Халық өнерінің сарыны бойынша өрнек жасауды үйрету. Өрнек салудың симметрия, қайталау, ырғақ, кезектестіру, ою пішіндерінің орналасуы арқылы заттың пішінін көрсету секілді негізгі ұстанымдарын ескере отырып, сәндік құрастыру икемділіктерін арттыру. Композиция заңдарын түсіндіру арқылы эстетикалық тәрбие беру. Түрлі мәнерлілік пішіндері мен құралдары арқылы әдеттегіден өзгешелік белгілерін бере білуді үйрету. Сюжеттік композицияларды жасау икемділігін қалыптастыру, бейнелерді қиып алып, жапсыру икемділігін пысықтау.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Астана<br>2. Дүкен сөрелері<br>3. Менің сүйікті кітабым<br>4. Бір түп жүзім |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | Балаларға сәлемдесу, амандасу туралы түсінік беру. «Өзара достық», «жақсылық» ұғымдары туралы түсінік беру. «Кешірім», «өзара түсіністік» адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Жақсылыққа жақсылық<br>2. Түсінісу мен кешіруді үйренеміз<br>3. Бәрі де татулықтан басталады (2 сағат) |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Туған өлке туралы түсінік беру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Сөйлеу тілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Туған жерінің байлығын құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қоғамдық орындарда жүріп-тұру |
| **Экология** | Сызба арқылы табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың, адамның өзара байланысын көрсету; азық тізбегін құра білуге үйрету. Адам үшін барлық тіршіліктің маңызды екенін ұғындыру; табиғаттағы тепе-теңдіктің қажеттілігі туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Ғаламшардың әуе мұхиты |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«29» тамыз 2019ж.

## Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Наурыз**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **I-II апта** (Ленталармен жаттығулар)<br>I. Жүру, қолды белге қойып жүру, жүгіру, жай жүру, шеңбер жасап тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге,қол төменде 1 - қолды алға созу, 2 - жоғары көтеру, 3 - жанына қою. 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол төменде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - оңға қарай тербелу, 3 - солға қарай тербелу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқ бірге, қол жанында 1-2 алға қарай сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу. 4-5рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау. 5 - қолды белге қойып, қос аяқтап секіру. 7-8 секунд<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**III-IV апта** (жалаушалармен жаттығулар)<br>I. Жүру, қолды белге қойып жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру, жай жүру, шеңбер жасап тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1- қолды жоғары көтеру, 2-3 қолды сермеу, 4 - б.қ оралу.<br>**2 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды алға созу, 2-3 жоғары төмен сермеу, 4 - б.қ оралу. 4-5рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды созып оңға бұрылу, 2 - б.қ оралу, 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ оралу. 4-5 қайталау, 5 - аяқ бірге, қолды кеудеде ұстап, қос аяқпен секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру; еңбектеуге жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру. Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру дағдысын бекіту. Допты бір-біріне домалатуға үйрету. Белгіге қарай жылдам жауап беру дағдысын қалыптастыру. Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдік сақтай білу дағдыларын бекіту. Қазақ халқының дәстүрлерімен балаларды таныстыру. Спортқа деген қызығушылығын ояту. Үйренген жаттығуларын орындай білу дағдысын дамыту. Бунамамен орындалатын жаттығуларды үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық,ептілікті дамыту. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру; допты домалату барысында бағытты ұстану. Тігінен тұрған нысанаға оң және сол қолмен лақтыруды жетілдіру. Гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету. Жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге үйрету. Балаларды достық қарым-қатынас жасауға үйрету. Еңбектеп жүру және білте тақтайшаның астынан өту дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сақинаны дәл кигіз<br>2. Допты екі қолмен төменнен лақтыру<br>3. Кенга мен Ру<br>4. Тақтай үстімен 4 тағандап жоғары, төмен жүру<br>5. Өткеншек<br>6. Гимнастикалық сатыдан өрмелеу<br>7. Кеглиді сермеп лақтыру<br>8. Көңілді маймылдар<br>9. Доп кімде?<br>10. Айгөлек<br>11. Гимнастикалық орыдықта ішпен сырғанау |
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету; қоғамдық орындарда өзін ұстау, киімді күту ережелерімен таныстыру; мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Тәртіптілікке, ізгілікке, ұмтылдыру, есте сақтау |

29

| | |
|---|---|
| | қабілеттерін арттыру. Қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауға, ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу. Үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекітеді. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. Өз денсаулықтары мен қауіпсіздіктеріне мән бере қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Мен үйдемін. Үйдегі қауіпсіздік ережелер.<br>2. Мен ас үйде анама көмектесемін |
| **«Қатынас»** | |
| **Сөйлеуді дамыту** | Ертегі мазмұнын айтуға үйрету; балаларға берілген дыбысқа сөз ойлату, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту; туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; балалардың ойлау қабілетін дамыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру; салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. «Е» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру; балалардың сөзге дыбыстық талдау жасауын одан әрі дамыту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. «І» дыбысын және әрпін қайталау, дұрыс айта білуге машықтандыру; дидактикалық ойындар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің сүйікті ертегім. «Үш қыз» татар халық ертегісі<br>2. Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халық ертегісі<br>3. Өмірден алынған әңгіме. «Наурыз - көктем мерекесі»<br>4. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [л] дыбысы |
| **Көркем әдебиет** | «Бір уыс мақта» әңгімесінің мазмұнын ашып түсіндіру. Әңгіме арқылы ойын, қиялын дамыту. Әңгіме жанрларын ажыратып, қимыл іс-әрекет арқылы сахналау. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.Ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге, іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Көкек (ертегі)<br>2. Әз Наурызым, армысың! (өлеңді жаттау) Оразақын Асқар |
| **Сауат ашу негіздері** | Өтілген дыбыстар мен олардың әріптері туралы білімдерін пысықтау; айтылу ерекшеліктеріне байланысты дыбыстарды жіктей білу дағдыларын арттыру; айтылу ерекшелігіне байланыссыз [у] дыбысының кейде дауысты, кейде дауыссыз болатыны туралы жалпы түсінік беру; ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. [м] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру; сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру; қосымша материалдарды пайдалана отырып, дүниетанымдарын кеңейту; қоршаған ортаның әдемілігін сезіне білуге, оны сүйе білуге тәрбиелеу. [б] дыбысымен және оның әріп таңбасымен таныстыру; буындардан сөз құрап оқытуға жаттықтыру; оқуға, білуге деген қызығушылықтарын арттыру; қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтіп, оны сүйе білуге тәрбиелеу. Өткен дыбыстар мен әріптерді қайталату; айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру; дидактикалық ойындар арқылы жылдам ойлауға жетелеу; үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. [м] дыбысы мен әрпі<br>2. [б] дыбысы мен әрпі<br>3. [м], [б] дыбысы мен әріптерін пысықтау<br>4. [ш] дыбысы мен әрпі |
| **Драма** | Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Ақымақ қасқыр» (саусақ театры)<br>2. «Мысық, әтеш және түлкі» ертегісі (сахналау) |
| **«Таным»** | |
| **Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру** | 10 санымен және оның жазылуымен таныстыру; 10 санының жазылуын заттардың санымен сәйкестендіре білу; заттарды реттік және есептік санау, тура |

80

| | |
|---|---|
| | және кері санау дағдыларын жетілдіру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санай білу дағдыларын жетілдіру; 1-ді қосу және азайтуды суретпен сәйкестендіре білуге үйрету. Көлемді геометриялық денелермен таныстыру (текше, шар, цилиндр, конус, пирамида); оларды тани білуге үйрету. Кеңістік туралы түсініктерін, санау дағдыларын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру; талдау, салыстыру дағдыларын дамыту. Заттарды әртүрлі белгілері, оның ішінде биіктігі, қалыңдығы, ұзындығы бойынша салыстыра білуге үйрету. Заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 0-10 сандары. Тура және кері санау. 1-ді қосу және азайту.<br>2. Геометриялық денелер: шар, текше, цилиндр, конус. Пирамидамен танысу. 0-10 сандары<br>3. Заттарды салыстыру. 0-10 сандары. Шамаларды салыстыру.<br>4. Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. Заттарды салмағына қарай салыстыру. Зат салмағының көлеміне тәуелділігі. |
| **Құрастыру** | Табиғи материалдармен таныстыру, оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ептілікке, икемділікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Табиғи материалдармен жұмыс жасауды жетілдіру, грек жаңғағын пайдалану арқылы белгілі бір заттардың бейнесін құрастыра алуға дағдыландыру, ой-қиялын дамыту; саусақ, қол бұлшық еттерін жетілдіру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Ою-өрнектер<br>2. Орманға саяхат<br>3. Мысық |
| **Жаратылыстану** | Балаларға жайлау, киіз үй туралы жалпы түсінік беру, ата-бабаларымыздың тұрмысы туралы мәлімет беру. Қоршаған ортаны танып-білуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты сүюге баулу, киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу. Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Жайлау, киіз үй<br>2. Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері<br>3. Менің елімнің салт-дәстүрі<br>4. Жер - біздің ортақ үйіміз. |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Достық туралы, тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, дұрыс қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту, балаларды қайырымды болуға, көпшіл, мейірімді болуға тәрбиелеу, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтынын түсіндіру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 8 наурыз ашықхаты<br>2. Сәукеле<br>3. Ұлу<br>4. Көрікті көктем |
| **Мүсіндеу** | Қарапайым пропорцияны сақтай отырып, қимыл үстіндегі адам мен жануардың бейнесін жасауды үйрету; қазақ халқының би өнері туралы түсінік беру. Ермексазбен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру. Ұжымда жұмыс істей білуге, бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен және әртүрлі безендіру әдістерімен таныстыру, түрлі әдістерді қолдана отырып ыдыс жасауды үйрету; қымыз құюға ар- налған ыдыс жасау, тұтас кесектен бұйым жасау тәсілдерін меңгерту. Өрнектің әшекейленетін бұйымның пішініне тығыз байланысты болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Эстетикалық тәрбие беру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Үй<br>2. Тұмар<br>3. Теңіз самалы<br>4. Жұлдыз құрт |

| | |
|---|---|
| | 5. Бал кеші |
| **Аппликация** | Түрлі пішіндер мен құралдар арқылы әдеттегіден өзгешелік белгілерді бере білуді, сюжеттік композициялар жасауды, бейнелерді қиып алып, жапсыруды үйрету. Бейнені ең үлкен бөліктерінен бастап, одан соң оларды ұсақ белгілермен толықтыра отырып, қағаз парағына жапсыру икемділігін дамыту. Құстарға қолынан келгенше қамқор болуға тәрбиелеу.бейнені ең ірі бөліктерінен бастап, одан соң ұсақ бөліктермен толықтырып, қағаз парағына жапсыруды үйрету. Қағаз түсін және оған реңктерді өз бетімен таңдау барысында түсті сезіну қабілетін жетілдіру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 8-наурызға арналған ашық-хат<br>2. Қайықша<br>3. Аквариумдағы балықтар<br>4. Желкенді кеме |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | Қонақ, қонақжайлылық туралы түсінік беру; жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. «Көмек, көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу. «Шыншылдық» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қонақ келсе - қуаныш<br>2. Мен көмекшімін<br>3. Мен шыншыл баламын<br>4. Мен елімнің кішкентай азаматымын! |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру, олардың көрікті жерлерімен таныстыру. Қала мен ауылдың айырмашылығын түсіндіру. Еліміздің ірі қалалары туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің отбасымның дәстүрлері |
| **Экология** | Балаларды елімізде өндірілетін пайдалы қазбалар түрімен таныстыру; пайдалы қазбалардың халық шаруашылығына қажеттігін ұғындыру. Қарапайым тәжірибе түрлерін жасай алу дағдыларын дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Табиғаттың жас достары |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«20» мамыр 2019ж.

## Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Сәуір**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **I-II апта**<br>I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, әр-түрлі бағытта жүгіру, жәй жүру, тізбектеп 2 қатарға тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды жанына қою, оң қолды көтеру, 2 - б.қ. оралу, 3 - қолды көтеру, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтардың арасы ашық, қол кеудеде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - оңға тербелу, 3 - солға тербелу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1 - отыру, 2-3 – оңға-солға қол шапалақтау, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқты созып отыру. 1 - тізені бүгу, 2 - құшақтау, 3 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**5 б.қ.** Қос аяқпен секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**III-IV апта**<br>I. Жүру, тізені көтеріп жүру, отырып жүру, жүгіру, кері қарай жүгіру, жүру, тізбектеліп 2 қатарға тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - иыққа түсіру, 3 - қолды белге қою, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол иықта. 1 - қолды жанына қою, 2 - жоғары көтеру, 3 - қол шапалақтау, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқ бірге, қол белде. 1 - басты алға, 2 - артқа, 3 - оңға, 4 – солға бұру. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** Қос аяқтап айналып секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектей алу дағдыларын үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту.<br>Тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру және допты домалату дағдысын бекіту. Жоғарыға қарай өрмелеуге жаттықтыру. Қол мен аяқтардың қимыл-қозғалысын үйлесімді ету. Түрлі кедергілер арқылы жаттығулар орындау дағдыларын дамыту. Тепе-теңдікті дамыту. Жұптасып жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімдігін қалыптастыру. Жылдамдық сапаларын дамыту. Балалардың оқу іс-әрекеттерінде үйренген секіру тәсілдерін бекіту. Жүрудің түрлерін меңгерту. Өмірлік маңызы бар жүру дағдылары мен біліктерін дамыту. Қимыл-қозғалыс үйлесімдігін қалыптастыру. Лақтыру тәсілдерін үйрету. Күш, ептілік, жылдамдық тәрізді қимыл сапаларын дамыту. Көзбен мөлшерлей білу қасиеттерін дамыту. Кеңістікте бағдарлай білуді үйрету. Көзді жұмып жүруге жаттықтыру. Дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды жасап үйрету. Гимнастикаға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығуларды жасату арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту; баспен домалауға жаттықтыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Жас топбасылар<br>2. Ормандағы ақ тиіндер<br>3. Қалпақ пен кішкене таяқша<br>4. Аюлар мен аралар<br>5. Бөрене үстімен жүру<br>6. Батыл жігіттер<br>7. Гимнастикалық бөренеде еңбектеу<br>8. Тракторшылар<br>9. Белбеу тастау<br>10. Мысық пен тышқан |
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Азық-түліктерді пайдалануға дайындау ережелерімен таныстыру; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Гигиеналық дағдыларын, ойлау қабілеттерін дамыту, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, зейіндерін шоғырландыру. Еңбексүйгіштікке, мейірімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бөлме өсімдіктері мен дала өсімдіктерін күту туралы түсініктерін және өсімдіктерді күтуге |

| | |
|---|---|
| | арналған құрал-жабдықтарды қолдану икемділікгерін қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. Сыпайылыққа, өз денсаулықтарын күтіп, қауіпсіздіктерін қамтамасыз ете білуге, дұрыс шешім қабылдауға, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Біздің жасыл достарымыз. Бөлме, дала өсімдіктері<br>2. Өзіңе және өзгелерге көмектес |
| **«Қатынас»** | |
| **Сөйлеуді дамыту** | Көліктер, олардың түрлері, қолданылу аясы туралы түсінік беру; есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Әртүрлі мамандықтармен таныстыру; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. «Ә» дыбысын қайталау; «ә» дыбысына байланысты сөз, сөйлем құрай білулерін дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. «Ө» дыбысымен және әрпімен таныстыру; балаларға сөз және сөйлем құрауды меңгерту; буынға бөлуін, ауызша және жазбаша қабілеттерін арттыру; алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің сүйікті ертегім. «Түлкі мен ешкі» ертегісі<br>2. Сурет бойынша ертегі. «Ғарыш әлеміне саяхат»<br>3. Тілдің дыбысталу мәдениеті. [р] дыбысы<br>4. Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халық ертегісі |
| **Көркем әдебиет** | Өлеңді оқып, мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталату, жаттату. Балаларды әже туралы өз ойларын айтып жеткізуге дағдыландыру. Үлкенді сыйлай білуге, әжені құрметтеуге тәрбиелеу. Өлеңді оқып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Балалардың мерекелік көңіл күйін көтере отырып жаттату. Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін, табиғаттың әсемдігін сезіне баяндауға үйрету. Балаларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Әже (өлеңді жаттау) Әбубәкір Қайрано<br>2. Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі) |
| **Сауат ашу негіздері** | Балаларды [ш] дыбысымен және әрпімен таныстыру; дидактикалық ойындар арқылы жылдам әрекет етуді үйрету; ертегі тыңдату арқылы дұрыс қорытынды жасай білу, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, қиялдарын дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу.Қ әрпімен таныстыру; дыбыс саны мен түріне сәйкес келетін сөздерді іздету арқылы сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін жетілдіру; туған жерге сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Дыбыс түрлері туралы білетіндерін пысықтау, қайталау; ойланып, қорытынды жасай білуге үйрету; достыққа, жолдастыққа тәрбиелеу. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсініктерді қайталату; қиялдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ойыншықтарды күтіп ұстауға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. [к] дыбысы мен әрпі<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар<br>3. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау<br>4. Буын. Қайталау<br>5. Сөз, сөйлем. Қайталау |
| **Драма** | Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісі (сахналау)<br>2. Әке мен бала (сахналау) |
| **«Таным»** | |
| **Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру** | Сандарды бөліктер бойынша азайту тәсілін қарастыру; бірінші ондықтың кез келген санынан 1 санын азайтуды үйрету. Бірінші ондық сандарының нумерациясы туралы білімдерін бекіту. Қиялдарын, сөйлеу тілдерін дамыту. «тең», «артық», «кем» қатынастарын қоя білу; «сан» және «цифр» терминдері туралы білімдерін бекіту; заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Талдау, |

| | |
|---|---|
| | қорытындылау дағдыларын дамыту. «бүтін және бөліктер» терминін енгізу, бөліктерден бүтінді құрастыруға, бүтінді бөліктерге бөлуге үйрену; бүтіннің тең бөліктерінің атауымен (жарты, ширек) таныстыру; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Салыстыру, қорытындылау, жіктеу сияқты логикалық амалдарды ғана емес, терістеу негізінде пайымдауды қажет ететін логикалық есептер шығаруды қарастыру; заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. 1-ден 10-ға дейінгі сандарды салыстыру. Теңдік және теңсіздік. «<», «>» таңбалары.<br>2. Зат және оның бөліктері. Бүтін мен бөлікті салыстыру. Бүтін мен бөлікті салыстыруға, оларды атап көрсетуге жаттығу.<br>3. Логикалық есептер. Геометриялық фигуралар және денелер. Қоршаған ортадағы геометриялық пішіндегі заттар.<br>4. Уақытты бағдарлау: жыл мезгілдері, 1 жыл - 12 ай.<br>5. Қарапайым таразының көмегімен заттың салмағын өлшеу. Дүкендерде қолданылатын таразымен танысу. |
| **Құрастыру** | Сіріңке қораптарын пайдалану арқылы мысықтың бейнесін жасауға үйрету, желімдеу, қағазды қиып жапсыру дағдыларын бекіту, ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Балаларды жаңа табиғи материал түрі, ұлу қауашақтарымен таныстыру. Олардың ерекшелігі мен пішіні, көлемі, түсімен және онымен жұмыс жасау әдістерімен таныстыру, эстетикалық талғамын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуін және құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. «Сиқырлы» бөтелкелер<br>2. Көліктер |
| **Жаратылыстану** | Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. Отан туралы білімдерін кеңейту, еліміздің табиғи байлықтары туралы мәлімет беру, еліміздің қалаларымен таныстыруды жалғастыру. Туған елге сүйіспеншіліктерін арттыру, отансүйгіштікке баулу. Еліміздің көпұлтты республика және жергілікті ұлт – қазақ халқы екенін түсіндіру. Әр ұлттың ерекшелігі, өздерінің салт-дәстүрлері бар екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізу. Ұлтаралық татулыққа, достыққа, сыйластыққа баулу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақстан байлықтары мен жетістіктері (2 сағат)<br>2. Дәрілік өсімдіктер.<br>3. Біздің табиғаттағы достарымыз<br>4. Әскери мамандықтар |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | Көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру, ептіліктерін дамыту, бояу түстерін таңдап, алмастыра қолдануға үйрету, бояумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру, табиғат сұлулығын сезінуге, эстетикалық қабылдауға тәрбиелеу. Балалардың сәндік-қолданбалы өнер мен қазақтың ұлттық бұйымдары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы ептілік пен дағдыларын дамытуға өз елінің тұрмыс-салттарына деген құрмет пен мақтаныш сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Сырмақты әшекейлейміз<br>2. Ғажайып ұшақ<br>3. Алма ағашы гүлдеді<br>4. Балалар жаттығу жасайды |
| **Мүсіндеу** | Балаларға үйде, мерекелер кезінде байқайтын өмір тақырыбына бұйымдар жасауды, қарапайым пропорцияны сақтай отырып қимыл үстіндегі адам мен жануардың бейнесін жасауды үйрету. Стеканы қолданып, тұтас кесектен бұйымдар жасауға жаттықтыру. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларға жануарлардың өздеріне тән ерекшеліктерін бейнелей білуді үйрету, қарапайым пропорцияларды бере білу, бейнелерді бөліктермен толықтыру, бөліктерді нығыздап бекіту әдістерін меңгерту. Өздеріне таныс жапсыру әдістерін және өлшемдердің арақатынасын сақтай білу икемділіктерін дамыту. Үй жануарын күтіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Ғарыш-жай (2 сағат) |

| | |
|---|---|
| | 2. Біздің ғарышкерлер (2 сағат) |
| **Аппликация** | Қағаз бетіне заттарды орналастыруды, ұжымдық құрастыруды, ортақ композиция жасауды, қағаз парағын толтыруды, заттарды бір сызық бойына, кең жолаққа, бүкіл параққа орналастыруды және аспанды, жерді немесе аспан мен өзенді (теңізді) бөліп көрсетуді, әр бейне үшін түс таңдауды үйрету. Сюжеттік композиция жасай білу икемділігін дамытуды жалғастыру. Туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу. Екі бүктелген қағаздан әртүрлі бейнелерді - жапырақтарды, гүл жапырақшаларын қиып алуды үйрету. Түрлі тәсілдерді пайдаланып қиып алу, бірнеше бөліктен зат құрастыру және өсімдіктер пішіндерінен өрнектер жасау икемділіктерін дамыту және бейнелер жасап, оларды қағаз бетіне жапсыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Алма ағашының бұтағы<br>2. Қазақстан жануары – түйе<br>3. Жұмбақ шешу (2 сағат) |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу. Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. «Табиғат» құндылығының маңыздылығы туралы түсінік беру. Табиғат пен денсаулықтың өзара үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту; денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту; тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің отбасым (2 сағат)<br>2. Менің сүйікті балабақшам<br>3. Табиғат - Ана<br>4. Табиғат - денсаулық мекені |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру. Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу. Қоршаған ортаға мән бере карауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің отбасымның шежіресі |
| **Экология** | Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Саябақта, орманда өзіңді қалай ұстау керек? |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

БЕКІТЕМІН
№11 «Аружан» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
А. Ш. Есбол
«19» тамыз 2019ж.

# Мектепке дейінгі балаларды оқытуға арналған айлық перспективалық жоспар

**Топ атауы:** №6 «Қарлығаш» ересектер тобы
**Мамыр**

| Білім беру саласы | Мақсаты |
|---|---|
| **«Денсаулық»** | |
| **Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары** | **I-II апта** (Ленталармен жаттығулар)<br>I. Жүру, қолды белге қойып жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер жасап тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқ бірге,қол төменде 1 - қолды алға созу, 2 - жоғары көтеру, 3 - жанына қою. 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**2 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол төменде. 1 - қолды жоғары көтеру, 2 - оңға қарай тербелу, 3 - солға қарай тербелу, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқ бірге, қол жанында 1-2 алға қарай сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу. 4-5рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ. оралу. 4-5 рет қайталау. 5 - қолды белге қойып, қос аяқтап секіру. 7-8 секунд<br>III. Еркін тыныс алу.<br><br>**III-IV апта** (жалаушалармен жаттығулар)<br>I. Жүру, қолды белге қойып жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер жасап тұру.<br>II. **1 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1- қолды жоғары көтеру, 2-3 қолды сермеу, 4 - б.қ оралу.<br>**2 б.қ.** аяқ бірге, қол төменде. 1 - қолды алға созу, 2-3 жоғары төмен сермеу, 4 - б.қ оралу. 4-5рет қайталау.<br>**3 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды созып оңға бұрылу, 2 - б.қ оралу, 3 - солға бұрылу, 4 - б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.<br>**4 б.қ.** аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1 - қолды алға созу, 2 - отыру, 3 - тұру, 4 - б.қ оралу. 4-5 қайталау, 5 - аяқ бірге, қолды кеудеде ұстап, қос аяқпен секіру. 7-8 секунд.<br>III. Еркін тыныс алу. |
| **Дене шынықтыру** | Микроб туралы түсінік беру. Салауатты өмір салтын құруға баулу. Аурудың белгілерін білуге үйрету. Уқалау, сылап-сипауға жаттықтыру. Балаларға уқалау мен сылап-сипаудың жеңіл түрлерін үйрету. Бір-біріне уқалау мен сылап-сипауға жаттықтыру. Жұптасып жаттығулар орындауды үйрету. Бірлікке баулу. Затты игеру - жалаушамен орындалатын жаттығуларды жасап меңгерту. Омыртқа бұлшықеттерін қатайту. Балалардың икемділігін дамыту. Балаларды еденде жатып созылуға үйрету; допты тордан асырып беруге жаттықтыру. Имитациялық жаттығуларды орындауға жаттықтыру. Дұрыс тыныс алуға үйрету. Бір орында секіруге үйрету. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Тепе-теңдік сақтап жүруге дағдыландыру; бір орыннан биіктікке секіруге жаттықтыру. Өз күшіне сенімділік сезімін дамыту. Моральдық, ерік жігерлілік қасиеттерін дамыту. Ойын ережесін білу және ойын барысында өзін-өзі басқара білуге үйрету. Жекпе-жек шарттарын түсіндіру. Балалардың тапқырлықтары мен епттіліктерін дамыту. Балалардың қозғалу дағдыларын дамыту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Аққу-қаздар<br>2. Өз-өзін уқалау және бір-бірін уқалау, сылап-сипау<br>3. Ертөстік<br>4. Жұп болып тұрып жаттығулар орындау<br>5. Бөрене үстімен жүгіру<br>6. Табан балық пен шортан<br>7. «Әкем, анам және мен - біз спорттық отбасымыз» атты спорттық іс-шара<br>8. Ертөстік<br>9. Жекпе-жектер<br>10. Су түбінде қолмен қозғалу |
| **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | Адам денесінің құрылысы туралы, маңызды дене мүшелерінің қызметі туралы білімдерін бекіту; жұқпалы аурулар мен олардың белгілері туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; өзінде және басқа да аурудың алғашқы белгілері біліне салысымен үлкендерден дер кезінде көмек сұрауды үйрету; дене ауруын жеңілдету жолдарын, жедел көмек қызметін шақыруды үйрету; азық-түліктерді |

| | |
|---|---|
| | пайдалануға дайындау туралы, үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз денсаулығына құндылық тұрғысынан қарап, оны сақтаудың қажеттілігін түсінуге тәрбиелеу. Өз қаласы, өз елі туралы түсініктерін бекіту; қазақстан республикасының президенті туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; еліміздің рәміздері туралы білімдерін тереңдету. Зейіндерін шоғырландыру, тіл байлықтарын дамыту. Туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Біз-ҚР-ның салауатты жас азаматтарымыз (2 сағат) |
| **«Қатынас»** | |
| **Сөйлеуді дамыту** | Өлең мазмұнын түсіндіру, жаттату, құрамында «н», «ң» дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, «н», «ң» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту; табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. «Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру; сөздік қорларын толықтыру; табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. «Ү» дыбысы мен әріп таңбасын қайталату, сөздерге дыбыстық талдау жасатуды меңгерту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өтілген тақырыптарды дидактикалық ойындар арқылы балалардың естеріне түсіру; ойын арқылы ой-қиялын дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі дос»<br>2. Сурет бойынша әңгіме. «Жайлауда»<br>3. Кел, жаттайық. Т.Молдағалиев «Жаз келіпті» (2 сағат) |
| **Көркем әдебиет** | Балаларға ертегіні таныстыра отырып, ертегінің мағынасын, тәрбиелік мақсатын түсіне білуге баулу. Ертегі желісі бойынша сахналай білуге үйрету. Балаларды адамгершілікке, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Киіз үйдің көрінісін сурет бойынша сипаттап әңгімелеу. Өлең жолдарын жаттату, сөздік қорларын молайту. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі)<br>2. Киіз үй (өлеңді жаттау) Қастек Баянбаев |
| **Сауат ашу негіздері** | Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын дұрыс анықтау дағдыларын пысықтау; сөздің дыбыстық құрамын табуды қайталату; жаттығулар арқылы саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру; табиғатты сүйе білуге, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу. Сөз, сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау; ойын арқылы балалардың тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту; сөз бен сөйлемді модельдеуге жаттықтыру; аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Дыбыс, сөз, сөйлем туралы жыл бойы алған білімдерін қорыту; кеспе әріптерден сөз құрап, қосып оқу дағдыларын жетілдіру; сөйлем құрап, сөйлемді модельдеуге жаттықтыру; білім алуға, оқуға ынталарын арттыру.өткен әріптерді, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталату; қосып оқу дағдыларын дамыту; табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Не үйреніп, не білдік? (2 сағат)<br>2. Кел, оқиық (2 сағат) |
| **Драма** | Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Төлдер айтысы (сахналау) (2 сағат) |
| **«Таным»** | |
| **Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру** | Жыл мезгілі, жыл аттары атауларымен таныстыру; жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Қарапайым таразы көмегімен өлшеу барысымен таныстыру, заттарды таразы арқылы салыстыруға үйрету; ай аттарын, уақытты дұрыс атау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; зейіндерін және логикалық ойлауларын дамыту. Балалардың білім, білік, дағдыларын қорытындылау, меңгерген білімдерінің деңгейін бақылау. |

| | |
|---|---|
| | **Тақырыбы:**<br>1. Өткенді пысықтау. 1-ден 10-ға дейінгі сандар. Тура және кері санау. Жай есептер мен мысалдар шығару.<br>2. Өткенді пысықтау. 1-ден 10-ға дейінгі сандар. Тура және кері санау. Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. Жай есептер мен мысалдар шығару. Жиын. Ақырғы жиын мен оның бөлшектерінің арасындағы байланыс. Теңсіздіктен теңдік, теңдіктен теңсіздік алу дағдыларынн жаттықтыру. (2 сағат) |
| **Құрастыру** | Топтағы ірі құрылыс материалдарынан өз ойларынан құрылыс жасай білуге бағыт беру, өздері жасаған құрылыстарын әңгімелеп айтып беру және ойын іс-әрекетінде жасалған құрылысты талдау жасау, бірлесіп еңбек ету арқылы ұжымдық еңбек нәтижесіне жете білуге, өзара түсіністікке тәрбиелеу. Балалардың әртүрлі заттармен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, оларды пайдаланып белгілі бір мазмұн бере отырып коллаж құрастыруға үйрету, бірлесіп еңбек ете отырып ұжымдық жұмыс нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Менің Астанам. Ірі құрылыс материалдарымен ұжымдық жұмыс (2 сағат) |
| **Жаратылыстану** | Балаларды әскери мамандық түрлерімен таныстыру, әскери мамандықтар туралы жалпы білім беру. Киімге, қару-жарақ, әскери техникаға қарап, әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту, әскер туралы түсініктерін кеңейту. Әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру. Отан қорғаушыларға деген мақтаныш сезімдерін ояту. Балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру. Ұлы Отан соғысы және осы соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұматтарын кеңейту. Балаларды аға ұрпақтың өсиетін тыңдап, адал болып өсуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Ұлы Отан соғысы ардагерлері<br>2. Біз - табиғаттың досымыз<br>3. Өсімдіктердің көбеюі (2 сағат) |
| **«Шығармашылық»** | |
| **Сурет салу** | «Қызыл телпек» ертегісі мазмұнымен таныстыру, сөздік қорларын молайту, сурет салу дағдысын дамыту, балаларды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу. Балаларды адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, жаттығу жасаудағы балаларды салуға үйрету. Дербестікке, белсенділікке баулу. Еңбек нәтижесіне қанағаттану сезімдерін ояту, көркемдік талғамын, ой-қиялын дамыту. Кешкі қала көрінісінің әсемділігін, сұлулығын сезіндіру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қызыл телпек (2 сағат)<br>2. Кешкі қала<br>3. Алашаны әшекейлеу |
| **Мүсіндеу** | Сыртын мұқият тегістей отырып, ыдыс жасауды, оны шығыңқы және тереңдетілген бедермен әшекейлеуді, сондай-ақ ыдыстың түбіне таспа түріндегі пластина бекітіп (ыдыстың қабырғасы), ал бекітілетін орындарын ішінен де, сыртынан да басып жаншу және таспа әдісімен ыдыс жасауды үйрету. Заттың өзіне қарап, елестету және ойлау арқылы әсемдік бұйым жасау дағдыларын қалыптастыру. Сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу. Бедерлі сурет - барельеф әдісімен жұмыс істеуді үйрету; туған өлке туралы түсінік беру. Балаларда ұжыммен жұмыс істеу, ермексаздан бейне жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақстандағы жануарлар, қошақандар<br>2. Жалт-жұлт еткен балықтар<br>3. Ермексаздар спектаклі<br>4. Картина бойынша кескінді жина |
| **Аппликация** | Әртүрлі пішіндегі қағаз бетіне геометриялық пішіндерден өрнектер салуды және симметрия, қайталау, ырғақ, кезектестіру, ою пішіндерінің орналасуы арқылы өрнек салудың негізгі ұстанымдарын ескере отырып, сәндік құрастыруды, композиция заңдарын түсінуді үйрету; балалардың өздеріне таныс әдістерді өз бетімен жапсыру талпынысын қолдау, жаңа әдістерді игеруіне, өз бастамаларымен әртүр лі бейнелеу әдістерін біріктіруіне көмектесу. Қазақстанның табиғатын, жерлестердің еңбегін көрсететін кең-байтақ өлкені, |

39

| | |
|---|---|
| | әлеуметтік оқиғаларды елестететін ұжымдық композициялар құрастыруды үйрету және заттарды қағаз парағында орналастыруға дағдыларындыру; ұжымдық құрастыру, ортақ композиция жасау, қағаз парағын толтыру әдістерін түсіндіру.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Қазақстанда өсетін гүлдер<br>2. Орманда<br>3. Таңғы шапақ<br>4. Ауыл |
| **«Әлеуметтік орта»** | |
| **Өзін-өзі тану** | Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту. «Жақсылық», «Үйлесімділік» құндылықтарының мәнін ашу. «Отан» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. «Өзін-өзі тану» сабақтарынан алған білімдерін бекіту.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Табиғат және адам<br>2. Наурыз - жақсылық бастауы<br>3. Мен Отанымды сүйемін!<br>4. Ризамыз саған, «Өзін-өзі тану әлемі» |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Табиғаттағы өзін-өзі ұстау тәртібімен таныстыру, қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауды үйрету. Табиғатты аялап сүюге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын |
| **Экология** | Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br><br>**Тақырыбы:**<br>1. Адам, табиғат, денсаулық |
| **Ата-анамен жұмыс** | Балалар мен олардың ата-аналарын бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуіне қатыстыру. |

39

№11 «Аружан» бөбекжай-бақшсы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**№6 «Қарлығаш» даярлық тобы**
**Ұйымдасқан оқу қызметінің айлық жоспары**

(номерленген, бет саны **39** бауланған, мөрмен бекітілген)

МКҚК № 11 «Аружан» б/б

**меңгерушісі** ______________ **А.Ш.Есбол**